



Тақырыбы:

Диабеттік кетоацидозды кома

Орындаған: «Емдеу ісі 304» Балтабаева Г.Б.

Тексерген: Жанатбек Е.

Диабеттік кетоацидозды кома — дұрыс емес инсулин терапиясы немесе абсолюттік немесе салыстырмалы айқын инсулин жеткіліксіздігінен туындаған аурудың спецификалық жедел асқынуы. Жоғарғы гипергликемия (14 ммоль/л жоғары), гиперкетонемия, жүйелі ацидоз, электролитті алмасу бұзылысымен және сусызданумен, контринсулярлы гормон жоғарылауымен өтетін клинико — биохимиялық синдром. Осы команың кездесу жиілігі стационарға түскен науқастар арасында 10-11%, ал өлім-жітімі 5-15%, 60 жастан асқан науқастарда — 20% құрайды.

Диабеттік кетоацидоздық кома

Жағдайлары	Симптомдары
Орташа кетоацидоз	Жалпы әлсіздік, басым шаршағыштық, апатия, құлақта шу, тәбеттің төмендеуі, іш аймағындаға ауру сезімі, шөлдеу сезімі, жиі диурез, терінің және шырышты қабаттың құрғауы, аузынан ацетонның иісі, салмақты жоғалту.
Кома алды	Қоршаған ортамен қатынауысыз, сұрақтарға кеш жауап береді, дауысының дұрыс емес шығуы, тәбетінің болмауы, көз көруінің төмендеуі, еңтігудің пайда болуы, сіңірлік және бұлшықеттік рефлексдердің төмендеуі. Тері құрғақ, қабыршақты, ұстағанда суық, жиырығанда жазылмайды, еріні құрғақ, жарылған, тілде тістердің іздері бар, құрғақ, көз алмасы тереңдеген, қабағы жартылай жабық, кеудесі ішке кіріп кеткен, кеуде тыныс алуға активті қызмет етеді, іші бейактивті қатысуда.
Кома	Есін жоғалту, терең және шулы, тез тыныс (Куссмауль типі), артериальды гипотония, пульсі жай, зәрдің кешігуі, сіңірлік рефлексдердің жоғалуы, гипотермия

КЛИНИКАСЫ

Кома кезеңінде Куссмауль типіндегі (терең шуылды және дөрекі) тыныс естіледі, ацетонның иісі қатты сезіледі; өте анық артериялық гипотония (әсіресе диастолалық), ырғағы жиі және әлсіз толқынды тамыр соғысы, ан-олигоурия, ішінің жабысып тыныс алу актісіне әлсіз қозғалатыны анықталады. Сіңірлік рефлексдер жоғалады, алайда көз қарашығы мен жұтыну рефлекстері сақталуы мүмкін. Дене қызуы көбінесе төмендейді.

Бұл өзі және де метаболикалық ацидозды (рН 7,35 төмен н/е бикарбонаттың концентрациясы 15 ммоль/л төмен), гипергликемияны 14 ммоль/л жоғары, кетонемияны тудыруы мүмкін. 1000 науқасқа шаққанда бір жылда 5-тен 20-ға дейін жағдайлар тіркелген. Жалпы гипергликемиядан өлім көрсеткіші 5—15%, 60 жастан асқандарда— 20% құрайды.

Ал кетонемиялық гипергликемияның ҚД1 түрімен ауыратындардың өлім көрсеткіші 16% құрайды

Кетоацидоздық комадағы зертханалық өзгерістер:

- гипергликемия – 19,4-33,3 ммоль/л;
- глюкозурия + ацетонурия (бүйрек функциясының айқын зақымдануында глюкозурия әлсіз болуы немесе болмауы да мүмкін);
- пируватемия (2 ммоль/л дейін) және лактацидемия (10 ммоль/л дейін);
- липидемия 6 г/л жоғары немесе 600 мг% жоғары;
- холестеринемия 10,3 ммоль/л жоғары;
- кетонемия 17 ммоль/л дейін;
- протеинемия 90 г/л маңайында (ол тек қанның қобланғанын білдіреді);
- қанда қалдықты азот пен мочевиная 35,7 ммоль/л асып аздап көтеріледі;
- гипонатрийемия 120 ммоль/л дейін;
- қанның сілтілі резерві 5-10 об.% CO₂ аралығында төмендейді (нормада ол 75 об.% CO₂ құрайды);
- гипокалийемия;
- қанның рН төмендейді.

Кетоацидоздық команың асқынулары:

- Терең веналардың тромбозы
- Өкпелік эмболия
- Артериальды тромбоздар (миокард инфаркты, мидың инфаркты, некроздар)
- Аспирациялық пневмония
- Мидың ісінуі, өкпенің ісінуі
- Инфекциялар
- Ишемиялық колит
- Эрозивті гастрит
- Кеш гипогликемия
- Ауыр тыныс жетіспеушілігі
- Олигурия
- Бауырлық жетіспеушілік

Терапияның асқынулары:

- Мидың ісінуі
- Өкпенің ісінуі
- Гипогликемия
- Гипокалиемия
- Гипонатриемия
- Гипофосфатемия

Емдеуі.

Команы емдеуде гипергликемияға қарсы инсулинді ғана қолданып қоймайды, сол секілді дегидратациядан болған электролиттік бұзылыстар мен ацидоз зат алмасуының бұзылыстарына қарсы емдік шаралар жүргізіледі.

Емнің жалпы схемасына мыналар жатады:

- 1. Инсулиннің тапшылығын жою және көмірсу алмасуын қалыптастыру.**
- 2. Организмге тез арада тиімді регидратация жасау.**
- 3. Организмде глюкозаның (гликогеннің) қорын қалыптастыру.**
- 4. Қышқылды-сілтілі тепе-теңдікті қалыптастыру.**
- 5. Диабеттік команы тудырған дерттік жағдайларды анықтау және емдеу.**
- 6. Ішкі ағзалар функцияларын қалыпқа келтіріп, оларды қолдау үшін емдік шараларды комплекс түрінде жүргізу.**

Назарларыңызға рахмет!